

**«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
қаржылық есептілік аудитін жүргізу үшін
Аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі
комиссияның шешімімен (2024 жылғы 19 қаңтардағы
№ 1 отырыс хаттамасы) бекітілген**

**2024 – 2026 жылдары «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС қаржылық
есептілік аудитін жүргізу үшін Аудиторлық ұйымды таңдау рәсіміне қатысуға
сұрау салу**

Тапсырыс беруші Сізді төменде егжей-тегжейлі сипатталған аудиторлық қызметтерді көрсету үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсіміне қатысуға шақырады.

1. Тапсырыс берушінің атауы мен мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Абай даңғылы, 109В мекенжайында орналасқан «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС.

2. Сатып алынатын аудиторлық және ілеспе қызметтер көлемінің сипаттамасы (есепті кезеңдер, аудиторлық рәсімдердің көлемі мен сипаты):

2.1. аудиторлық қызметтер 2024 жылдан 2026 жылға дейін, атап айтқанда¹:

1) «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ Корпоративтік есеп саясатына сәйкес дайындалған Тапсырыс берушінің аралық қаржылық ақпаратына (бұдан әрі – ҚМГ КЕС-ке сәйкес арнайы мақсаттағы қаржылық ақпарат) шолу жасау бойынша есеп бере отырып шолу жүргізу. ҚМГ КЕС-ке сәйкес сатып арнайы мақсаттағы қаржылық ақпарат мыналарды қамтиды: «Қаржылық жағдай туралы есеп», «Жиынтық табыс туралы есеп», «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп», «Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп», «Тарихи құн бойынша негізгі құралдардың қозғалысы туралы есеп» (тиісті есептеулермен):

- 2024, 2025 және 2026 жылдардың 31 наурызында аяқталған үш айдағы,
- 2024, 2025 және 2026 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты айдағы,
- 2024, 2025 және 2026 жылдардың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айдағы;

2) аудит бойынша есеп бере отырып, 2024, 2025, 2026 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік есеп саясатына сәйкес Тапсырыс берушінің қаржылық есептілігіне аудит жүргізу (бұдан әрі – ҚМГ КЕС-ке сәйкес арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік);

3) «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобының есеп саясатына сәйкес дайындалған Тапсырыс берушінің аралық қаржылық ақпаратына шолу жүргізу (бұдан әрі – КТО ЕС-ке сәйкес арнайы мақсаттағы қаржылық ақпарат), шолу бойынша есеп беру. КТО ЕС-ке сәйкес арнайы мақсаттағы қаржылық ақпаратқа мыналар кіреді: «Қаржылық жағдай туралы есеп», «Жиынтық кіріс туралы есеп», «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп», «Капиталдағы өзгерістер туралы есеп», «Негізгі құралдардың қозғалысы туралы есеп» (тиісті есептеулермен):

- 2024, 2025 және 2026 жылдардың 31 наурызында аяқталған үш айда,
- 2024, 2025 және 2026 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты айда,
- 2024, 2025 және 2026 жылдардың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айда;

4) 2024, 2025, 2026 жылдарға арналған КТО ЕС-ке сәйкес дайындалған арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік нысандарына аудит жүргізу;

5) ҚЕХС (IAS) 34 (бұдан әрі – Тапсырыс берушінің ҚЕХС есептілігі) сәйкес дайындалған Тапсырыс берушінің аралық қысқартылған қаржылық есептілігіне шолу жүргізу²;

¹ Қаржылық есептіліктің нақты атауы шарт жасасу кезінде нақтыланатын болады.

² Аудиторлық шолудың орнына, қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің талабы бойынша 2024, 2025 және 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы немесе 2024, 2025 және 2026 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы аудиторлық есепті шығарумен Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізілуі тиіс. Бұл ретте шарттың құны өзгеріссіз қалады.

- 2024, 2025 және 2026 жылдардың 31 наурызында аяқталған үш айда,
- 2024, 2025 және 2026 жылдардың 30 маусымында аяқталған үш және алты айда,
- 2024, 2025 және 2026 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған үш және тоғыз айда;

6) 2024, 2025 және 2026 жылдардағы аудит бойынша есепті ұсына отырып, барлық маңызды аспектілерде ҚЕХС-ке сәйкес қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатында ҚЕХС-ке сай дайындалған Тапсырыс берушінің қаржылық есептілігіне аудит жүргізу;

7) «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – ҚР ҚМ нысандары) сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығымен бекітілген тізбеге және нысандарға сәйкес дайындалған Тапсырыс берушінің 2024, 2025 және 2026 жылдардағы қаржылық есептілігіне аудит жүргізу;

8) 2024, 2025 және 2026 жылдардағы ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктерді және барлық өзге де кемшіліктер мен ұсынымдарды қоса алғанда, кемшіліктерді жою жөнінде тиісті ұсынымдар бере отырып, ілесне қызметтер тізбесіне енгізілген қосымша шолулар мен бағалаулардың нәтижелерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған Тапсырыс берушінің қаржылық есептілігі аудитінің қорытындылары бойынша Тапсырыс берушінің басшылығына (бұдан әрі – Басшылыққа хат) ұсыну.

Елеулі кемшілік дегеніміз ішкі бақылау жүйесінің бір немесе бірнеше компоненттерінің әзірленуі немесе жұмыс істеуі елеулі болуы мүмкін және ол белгілеген міндеттерді әдеттегі жүзеге асыру процесінде Тапсырыс берушінің қызметкерлері уақтылы анықтамайтын сомалардың қателіктерінен немесе бұрмалануынан туындаған бұрмаланулардың туындау қаупін салыстырмалы түрде төмен деңгейге дейін төмендетпейтін кемшілікті білдіреді.

2.2 Басшылыққа ұсынылатын хаттарда тиісті ұсынымдар бірге берілетін ілесне қызметтер:

- қаржылық есептілікті дайындау процесін жақсарту, сондай-ақ қаржылық есептілікті дайындау мерзімдерін қысқарту бойынша ұсынымдар беру;

- Тапсырыс берушінің басшылығына аудит жүргізу нәтижелерін таныстыру (сұраныс бойынша);

- Тапсырыс берушінің есеп саясатына сәйкес негізгі құралдарды бағалаудың әдіснамасы мен нәтижелері бойынша (ол жүргізілген жағдайда) пікір білдіру;

- кәсіпорындарды сатып алудың әдіснамасы мен әділ құнын бағалау нәтижелері бойынша пікір білдіру (егер сатып алу орын алған жағдайда);

- тиісті есептерді ұсынбай бухгалтерлік және салықтық есепке алу бойынша консультациялар өткізу;

- аудиторлық қорытындыны/есепті ұсынбай, салықтық тәуекелдерді, оның ішінде неғұрлым ауқымды тәуекелдерді анықтау мақсатында 2024, 2025 және 2026 жылдарға салықтық шолу жүргізу;

- бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды бағалау (оның ішінде Тапсырыс беруші қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қорларды есепке алу тәртібін бағалау, активтер мен міндеттемелерді бағалау және қайта бағалау, дебиторлық және кредиторлық берешекті тауарларды, жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен салыстыруды қоса алғанда, активтер мен міндеттемелерді түгендеуді жүргізу әдістері мен рәсімдері);

- бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті жасауға байланысты мәселелер бойынша Тапсырыс берушінің ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің барабарлығын бағалау;

- бағдарламалық-техникалық жарақтандырудың жай-күйін және ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған жүйелерінің сенімділігін бағалау;

- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде ішкі бақылау жүйесін бағалауға байланысты мәселелер бойынша Тапсырыс берушінің Ішкі аудит қызметінің қызметін бағалау (олар болған кезде);

- бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті жасауға байланысты мәселелер бойынша Тапсырыс берушінің филиалдары мен еншілес ұйымдарының қызметін бақылауды ұйымдастыруды талдау (олар болған кезде);

- Тапсырыс беруші қызметінің Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін бағалау;

- аудит барысында анықталған бюджет қаражатын, кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 6-тармағына сәйкес мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы жөнінде ақпарат беру;

- қаржылық есептілікте олардың дұрыс көрсетілуін растау үшін (қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушімен келісім бойынша) Тапсырыс беруші қорларға, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге түгендеу жүргізген кезде аудитордың болуы;

- қаржылық есептілікті шығару үшін қажетті талдамалық аудиторлық рәсімдерді жүргізу үшін Тапсырыс берушінің үлестес тұлғаларының орналасқан жері бойынша бару (қажет болған жағдайда).

3. Шығарылатын аудиторлық есептердің саны мен түрлері осы «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС - нің 2024-2026 жылдарға арналған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсіміне қатысуға арналған сұрау салудың (бұдан әрі - Қатысуға сұрау салу) 1-қосымшасында көрсетілген.

4. Шығарылатын аудиторлық есептердің мерзімдері қатысуға сұрау салудың 2-қосымшасында көрсетілген.

5. Аудиторлық ұйымның қызметтерін сатып алуға бөлінген сомалар қатысуға сұрау салуға 3-қосымшада көрсетілген.

6. Аудиторлық ұйымдар қызмет көрсетуге ресми ұсыныс дайындау үшін қосымша ақпарат алу мақсатында кездесуге құқығы бар Тапсырыс берушінің жауапты лауазымды тұлғаларының тізбесі мен байланыстары қатысуға сұрау салудың 4-қосымшасында көрсетілген.

7. 2024-2026 жылдардағы «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсімі жүзеге асырылатын Тапсырыс беруші туралы жалпы ақпарат Қатысуға сұрау салудың 5-қосымшасында көрсетілген.

8. Аудиторлық қызмет көрсетуге арналған ресми конкурстық ұсынысқа қойылатын талаптар қатысуға сұрау салудың 6-қосымшасында көрсетілген.

9. Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтер нысаны қатысуға сұрау салуға 7-қосымшада көрсетілген.

Шығарылатын аудиторлық есептердің саны мен түрлері

№	Басшылыққа есептер мен хаттардың атауы	Есептер саны	
		орыс тілінде	қазақ тілінде
1	ҚМГ ЕС-ке сәйкес арнайы мақсаттағы қаржылық ақпарат - 2024, 2025 және 2026 жылдардың 31 наурызында аяқталған үш айда - 2024, 2025 және 2026 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты айда - 2024, 2025 және 2026 жылдардың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айда	4 4 4	- - -
2	ҚМГ КЕС-ке сәйкес арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік - 2024, 2025 және 2026 жылдары	4	-
3	ҚТО КЕС-ке сәйкес арнайы мақсаттағы қаржылық ақпарат - 2024, 2025 және 2026 жылдардың 31 наурызында аяқталған үш айда - 2024, 2025 және 2026 жылдардың 30 маусымында аяқталған үш және алты айда - 2024, 2025 және 2026 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған үш және тоғыз айда - 2024, 2025 және 2026 жылдары	4 4 4 4	- 4 - 5
4	КЕХС-ке сәйкес дайындалған Тапсырыс берушінің қаржылық есептілігі - 2024, 2025 және 2026 жылдардың 31 наурызында аяқталған үш айда - 2024, 2025 және 2026 жылдардың 30 маусымында аяқталған үш және алты айда - 2024, 2025 және 2026 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған үш және тоғыз айда - 2024, 2025 және 2026 жылдары	4 4 4 4	- 4 - 5
5	ҚР ҚМ нысандары - 2024, 2025 және 2026 жылдары	4	5
6	2024, 2025 және 2026 жылдардағы қаржылық есептілік жөнінде басшылыққа хат	4	-

Қатысуға сұрау салудың 2-қосымшасы

Шығарылатын аудиторлық есептердің мерзімдері³

		Шығарылатын аудиторлық есептердің мерзімдері ²			
Шығарылатын аудиторлық есептер		ҚТӨ ЕС-ке сәйкес қаржылық есептілік нысандары	ҚМГ КСЕ-ге сәйкес арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік	Тапсырыс берушінің ҚЕХС есептілігі	ҚР ҚМ нысандары
2024, 2025 және 2026 жылдың 31 наурызында аяқталған үш айда		Есепті жылдың 26 сәуірі	Есепті жылдың 26 сәуірі	Есепті жылдың 26 сәуірі	
2024, 2025 және 2026 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда		Есепті жылдың 24 шілдесі	Есепті жылдың 26 шілдесі	Есепті жылдың 26 шілдесі	
2024, 2025 және 2026 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айда		Есепті жылдың 26 қазаны	Есепті жылдың 26 қазаны	Есепті жылдың 26 қазаны	
2024, 2025 және 2026 жылдары		Есепті жылдың 5 ақпаны	Есепті жылдың 5 ақпаны	Есепті жылдың 5 ақпаны	Есепті жылдың 9 ақпаны
					Есепті жылдан кейінгі жылдың 12 ақпаны

3. Каржылық есептілікті дайындау және ұсыну мерзімдерін қайтару кәсіпорну жағдайда, аудиторлық есептерді шығару мерзімдері өзгертуі мүмкін. Тапсырыс берушінің ҚМГ КЕС, ҚТӨ ЕС бойынша қаржылық есептілікті шығару мерзімдері «БазТрансОйл» АҚ-ның тиісті хатты (қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдері туралы) негізінде өзгертуі мүмкін;

4. Егер есепті күн жұмыс істемейтін күнге келетін болса, онда мерзім есепті күннің алдындағы күнге ауыстырылады.

Қатысуға сұрау салудың 3-қосымшасы

Аудиторлық ұйымның қызметтерін сатып алуға бөлінген сомалар

теңгемен

Тапсырыс берушінің атауы	ҚҚС есебінен					
	ЖИЫНЫ	2024	2025	2026	ИТОГО	ҚҚС есебімен
«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС	189 397 120	58 828 000	64 256 720	66 312 400	212 124 774	74 269 888
					65 887 360	71 967 526

Қатысуға сұранымның 4-қосымшасы

Аудиторлық ұйымдар қызмет көрсетуге ресми ұсыныс дайындау үшін ақпарат алу мақсатында кездесуге құқығы бар Тапсырыс берушінің жауапты лауазымды тұлғаларының тізбесі мен байланыстары

Т №	Тапсырыс берушінің атауы	Қаржы қызметінің басшысы		Бухгалтерия	
		Т.А.Ә.	байланыстар	Т.А.Ә.	байланыстар
1	«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС	Бас директордың қаржы жөніндегі орынбасары Цао Инвэй	8 (727) 330 95 69 (қабылдау)	Бас бухгалтер Кочергова Анна Витальевна	8 (727) 330 95 71 A.Kochergova@kcp.kz
		Бас директордың экономика жөніндегі орынбасары Тұрлыханов Ерхат Дулатұлы	8 (727) 330 97 08 (қабылдау)	Бас бухгалтердің орынбасары Баяндина Гульнара Булатовна	8 (727) 330 95 70 G.Bayandina@kcp.kz

Тапсырыс беруші туралы жалпы ақпарат

1. Қызмет сипаттамасы: Тапсырыс берушінің қызметі туралы толық ақпарат <https://www.ker.kz/company/about> сайтында орналастырылған.
2. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметкерлер саны: 186 адам.
3. Кәсіпорынды басқару, есепке алу және есептіліктің қолданылатын ақпараттық жүйелерінің қысқаша сипаттамасы:

№	Бағдарламалық өнімнің атауы	Сипаттамасы
1	<p>1С: Кәсіпорын 8.3 (8.3.18.1334)</p> <p>Қазақстанда қаржыны кешенді басқару және бюджеттеу, 3.1 редакция, "1С-Рейтинг" ЖШС (3.1.18.2)</p>	<p>Осы жүйенің негізінде келесі процестер автоматтандырылған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бухгалтерлік және салықтық есеп, - 1С:КЖБКБ үшін "SL:Қазынашылық" модулі; - 1С:КЖБКБ үшін "SL:бюджеттеу" модулі; - 1С:КЖБКБ үшін "Тарифтік реттеу" модулі; - 1С:КЖБКБ үшін "ОЖ түлендеу" модулі; - 1С:КЖБКБ үшін өндірістік учаскелерде ІҚ және ТМҚ есептен шығару процестерін автоматтандыру" модулі; - 1С:КЖБКБ үшін "ТБАЖ: тәуекелдерді басқарудың ақпараттық жүйесі" модулі; - 1С:КЖБКБ үшін "SL:кадр блогы" модулі; <p>Осы жүйенің негізінде келесі процестер автоматтандырылған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - персоналды басқару, оның ішінде қызметкерлердің іссапарларының деректерін басқару; - жалақыны есептеу. <p>Осы жүйенің негізінде мыналар іске асырылды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бизнесті жоспарлау; және - кірістерді, шығыстарды және іске қосылған активтерді бөлек есепке алу жүйесі.
Lotus Domino/notes v. 9.0.1 платформасындағы электрондық құжат айналымы жүйесі	<p>Басқарушылық қызметті құжаттамалық қамтамасыз етуді, орындаушылық тәртіпті бақылауды автоматтандыру.</p>	

4. Аудит тарихы және кәсіргі аудиторлардың байланыстарын көрсету:
 2004 - 2012 жж. – «ПрайсуотерхаусКулерс» ЖШС +7 (727) 330 3200
 2013 - 2014 жж. – «Делойт» ЖШС +7 (727) 258 13 40
 2015 - 2016 жж. – «ПрайсуотерхаусКулерс» ЖШС +7 (727) 330 3200
 2017 - 2018 жж. – «Эрнст энд Янг» ЖШС +7 (727) 258 59 60
 2023 ж. – «КПМГ Аудит» ЖШС +7 (727) 298 08 98

Ресми конкурстық ұсынысқа қойылатын талаптар

Аудитор – Тапсырыс берушінің 2024-2026 жылдарға арналған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу қызметтерін сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасасуға үміткер және Тапсырыс берушінің 2024-2026 жылдарға арналған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсіміне қатысатын аудиторлық ұйым.

Міндетті түрде мыналарды қамтамасыз етуі қажет:

- Аудитордың Тапсырыс берушіден және оның кез келген байланысты тараптарынан тәуелсіздігін растау және негіздеу және Қатысуға сұрау салудың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерге қол қою;

- тиісті бөлімдер мен беттерге сілтемелері бар ресми конкурстық ұсыныстың мазмұны;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудиторлық тексеру жүргізуге байланысты аудиторлық ұйымдарға қойылатын талаптардың сақталуын растау.

Ресми конкурстық ұсынысқа Қатысушының қалауы бойынша басқа да қажетті ақпаратты қосуға болады.

1. Жалпы талаптар:

Аудитор Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №231 бұйрығымен бекітілген міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес келуі және мынадай құжаттарды/ақпаратты ұсынуы тиіс:

1.1. аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияның көшірмесі;

1.2. Аудитор басшысының «аудитор» біліктілік куәлігінің көшірмесі;

1.3. Қатысушы мүше болып табылатын кәсіби кеңестің және (немесе) аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымның сыртқы сапа бақылауына аудит нәтижелері бойынша халықаралық аудит стандарттары мен Әдеп кодексінің талаптарына сәйкестігін растайтын қорытындысының көшірмесі;

1.4. Аудитордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының көшірмесі;

1.5. аудиторлық ұйымдардың біліктілік талаптарына сәйкес уәкілетті органға есептілікті және (немесе) есепті кезең ішінде өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру туралы ақпаратты уақтылы ұсынбағаны немесе ұсынбағаны үшін салынатын бір әкімшілік жазаны қоспағанда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 247-бабына сәйкес аудиторлық қызмет көрсету шарты жасасу күніне дейін соңғы 1 (бір) жыл ішінде аудиторлық қызмет туралы заңнаманы бұзғаны үшін салынатын әкімшілік жазалардың болмауы туралы.

2. Аудиторға қойылатын міндетті талаптар.

2.1. Егер Аудитор «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесінде (бұдан әрі - Қор) және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде тұрса, Тапсырыс берушінің 2024-2026 жылдарға арналған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсіміне қатысуға құқығы жоқ.

Аудитор өз тәуелсіздігін оларға қызмет көрсетуге арналған өзінің ресми конкурстық ұсынысында тиісті өтініш беру жолымен растауға тиіс, ол Аудитордың Тапсырыс берушіге аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуден түсетін ағымдағы кірістері туралы ақпаратты қамтиды. Бұл ақпарат Аудитордың барлық кірістерінен осы кірістердің үлесін қамтуы керек.

2.2. Шарттың қолданылу кезеңінде Аудитор «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 мамырдағы №185 шешімімен бекітілген аудиторлық ұйымдардың

қызметтерін тарту саласындағы «Самұрық-Қазына» АҚ саясатында көзделген нысан бойынша және мерзімдерде Тапсырыс берушіге аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуден аудитордың ағымдағы кірістері (жасалған шарттардан болашақ кірістері көрсетіле отырып) туралы жыл сайын ақпарат беруге тиіс.

2.3. Жылына кемінде бір рет Аудитор Тапсырыс берушінің басшылығына төмендегілер бойынша растауларды ұсынады:

- аудитордың тәуелсіздігі сақталғандығы;
- Аудитор мен оның серіктестерінің Тапсырыс берушіге қаржылық мүдделерінің болмауы;
- Аудиторлық топ мүшелерінің Тапсырыс берушіге қаржылық мүдделері жоқ екендігін;
- осы Саясатта көзделген жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші мен Аудитор арасында қызмет көрсетудің өзге де жағдайларының болмауы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 мамырдағы №185 шешімімен бекітілген аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы «Самұрық-Қазына» АҚ саясатында көзделген жағдайларды қоспағанда Тапсырыс беруші мен Аудитор арасында қызметтер көрсетудің өзге де жағдайлардың болмауы;
- Тапсырыс беруші Аудиторға төлейтін сыйақының бірде-бір бөлігі төтенше жағдайлардың туындауы негізінде төленбейтіндігі;
- жасалған шарттар негізінде Аудитор алған және алуды болжамдаған сыйақының жалпы сомасы аудитордың Тапсырыс берушіден қаржылық тәуелсіздігіне айтарлықтай әсер етпеуі және Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің (the ACCA Rules of Professional Conduct) Сертификатталған Бухгалтерлердің Алқабилер Қауымдастығының Кәсіби этика ережелеріне сәйкес Аудитордың жалпы табысының 15 пайызынан аспауы;
- Тапсырыс беруші мен Аудитор арасында ешқандай даудың болмауы.

3. Аудит қызметтерін көрсетуге арналған ресурстар.

3.1. Келесі тармақтар бойынша толық ақпарат беру:

- Тапсырыс берушінің аудит жобасы бойынша ұсынылатын жұмыс тобының құрамы, оның ішінде жетекші серіктестер мен менеджерлер;
- тапсырманы орындаудағы олардың рөлдері мен міндеттері;
- ұқсас клиенттерге аудит жүргізу тәжірибесін қоса алғанда, біліктілік пен тиісті тәжірибе;
- жоба жетекшілерінің әрқайсысының жобаға бөлінетін жылына ең аз сағат көлемі;
- аудиторлардың ауысуын жоспарлауға және жоба бойынша жұмыс істейтін персоналдың сабақтастығына қатысты міндеттемелер;
- қызметкерлердің кәсіби дамуына қатысты міндеттемелер;
- басқа ресурстар және ұсынылатын қызметтердің толық сипаттамасы;
- тартылған жергілікті кеңселердің тізбесі мен қамтылуы.

3.2. Аудиторға қойылатын талаптар:

3.2.1 экономиканың мұнай-газ секторында жұмыс істейтін, меншікті капиталы 30 (отыз) миллион АЕК-тен асатын компаниялардың ҚЕХС-ке сәйкес қаржылық есептілік аудитін жүргізуде бес жылдық жұмыс тәжірибесінің болуы. Бұл ретте, клиент-компаниялардың байланыс деректерін көрсете отырып, жобаларды сипаттау міндетті шарт болып табылады.

3.2.2 аудиторлардың жеткілікті санының болуы, бірақ Association of Chartered Certified Accountants (ACCA), немесе Associated Chartered Accountant (ACA), немесе Chartered Accountant (CA), немесе Certified Public Accountant (CPA), немесе Chartered Financial Analyst (CFA), халықаралық кәсіби сертификаты бар кемінде 5 (бес) адамның және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген «аудитор» біліктілік куәлігінің болуы;

3.2.3 техникалық сұратуларға қатысты тиімді қызметтер мен жоғары сапалы қызметтермен қамтамасыз ету үшін мамандандырылған техникалық қолдау тобының (ҚЕХС бойынша есепке алу, салықтық есепке алу, активтерді бағалау, трансферттік баға белгілеу

мәселелері жөніндегі мамандар) немесе «Аудитордың Шартқа қол қойылған күнінен бастап 10 (он) күн ішінде осындай топты қалыптастыру міндеттемесінің болуы.

3.3. Тапсырыс беруші үшін аудиторлық топ мүшелеріне қойылатын талап:

3.3.1 Тапсырыс беруші үшін аудиторлық топ мынадай құрамда құрылуы тиіс: жетекші серіктес – 3 (үш) адам, жоба жетекшісі -1 (бір) адам, менеджер-1 (бір) адам, аудит жөніндегі маман - 4 (төрт) адам, бағалаушы - 1 (бір) адам, салық жөніндегі маман – 1 (бір) адам;

3.3.2 жетекші серіктестерде, жоба жетекшісінде және менеджерде АССА немесе АСА, немесе СА, немесе СРА немесе СФА халықаралық кәсіби сертификаты және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген «аудитор» біліктілік куәлігі болуы;

3.3.3 жетекші серіктестердің, жоба жетекшісі мен менеджердің ҚЕХС сәйкес қаржылық есептілік аудитін жүргізу тәжірибесі 5 (бес) жыл болуы ;

3.3.4 аудит жөніндегі мамандардың ҚЕХС-ке сәйкес қаржылық есептілік аудитін жүргізу тәжірибесі 3 (үш) жыл болуы тиіс;

3.3.5 бағалаушының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген «Жылжымалы мүлікті бағалаушы», «Жылжымайтын мүлікті бағалаушы», «Зияткерлік меншікті, материалдық емес активтерді бағалаушы, бизнесті бағалау және бизнеске қатысу құқығы» біліктілігін беру туралы куәліктері және бағалау қызметі саласындағы жұмыс тәжірибесі 5 (бес) жыл болуы тиіс;

3.3.6 салық жөніндегі маманның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген салық консультантының біліктілік куәлігі және салық салу саласындағы жұмыс тәжірибесі 5 (бес) жыл болуы тиіс.

3.2-тармақтың 3.2.2-тармақшасында, 3.3-тармақтың 3.3.2-3.3.6-тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкестігі:

- нотариалды куәландырылған орыс тіліне аудармасы бар АССА, АСА, СА, СРА, СФА халықаралық сертификаттарының көшірмелері;

- «аудитор» нотариалды куәландырылған біліктілік куәліктерінің көшірмелері;

- «Жылжымалы мүлікті бағалаушы», «Жылжымайтын мүлікті бағалаушы», «Зияткерлік меншікті, материалдық емес активтерді бағалаушы, бизнесті бағалау және бизнеске қатысу құқығы» біліктілігін беру туралы нотариат куәландырған куәліктердің көшірмелері;

- салық кеңесшісінің біліктілік куәлігінің көшірмелері;

- 3.2-тармақтың 3.2.2 тармақшасында көрсетілген аудиторлардың және Тапсырыс беруші үшін 3.3-тармақта көрсетілген аудиторлық топ мүшелерінің, клиент-компанияларды, клиент-компанияның қызмет саласын, көрсетілген қызметтердің атауын, қызмет көрсету мерзімін, көрсетілген қызметтердің әрбір жобасындағы рөлін көрсете отырып, сыртқы аудит жүргізу тәжірибесін растайтын (құжат ұсынылған жағдайда) нотариалды куәландырылған аудармасын ұсыну) және аудитордың басшысы куәландырған түйіндемесі;

- Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын 3.3-тармақта көрсетілген Тапсырыс беруші үшін 3.2-тармақтың 3.2.2-тармақшасында көрсетілген аудиторлар мен аудиторлық топ мүшелері құжаттарының көшірмелері.

4. Біліктілік

Келесі тармақ бойынша толық ақпарат беру:

- салалық тәжірибе, оның ішінде Тапсырыс берушінің ауқымына ұқсас клиенттерге қызмет көрсетудегі практикалық тәжірибесі (осы саладағы негізгі клиенттердің тізбесін, Тапсырыс беруші өз қызметін жүзеге асыратын салаға қызмет көрсетуге аудиторлық ұйымның қатысу көлемі мен мүдделілігін ұсыну).

5. Аудит жүргізуге көзқарас

Келесі тармақтар бойынша толық ақпарат беру:

- Тапсырыс берушінің ерекшеліктері мен талаптарына қатысты аудит әдістемесі мен стратегиясы;

- жұмысты үйлестіру және бақылау;

- аудит жүргізу мерзімдері;

- Тапсырыс берушінің басшылығымен жұмыс істеу тәсілі;

- салық мәселелерін қарау тәсілі;
- есепке алу бойынша күрделі және стандартты емес техникалық мәселелерді шешу тәсілдері мен әдістері;
- аудиттің нәтижелілігін үнемі жетілдіру және арттыру бойынша міндеттемелер.

6. Аудиторлардың ауысуы

Аудиторлардың ауысуын ұйымдастыру жоспарын, атап айтқанда, алдыңғы аудиторлық тексерулердің нәтижелерімен танысу рәсіміне қойылатын талаптарды және үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды беру.

7. Қызметтердің сапасы және мүдделер қақтығысы

Келесі тармақтар бойынша толық ақпарат беру:

- қызмет сапасын қамтамасыз етуге және клиентпен қарым-қатынасты басқаруға жалпы көзқарас;

- ықтимал қақтығыстар және оларды шешу тәсілі (тікелей бәсекелестер үшін орындалатын жұмыстың сипаттамасын қоса);

- серіктестерді ротациялау және жобалық топ мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау бойынша міндеттемелер мен тәсіл;

- сапаны бақылау және клиенттің қанағаттанушылығын бағалау жүйесінің сипаттамасы.

8. Жұмыс уақыты және қызмет құны

Қызметтердің құны жеке құжат түрінде ұсынылады және мыналарды қамтуы керек:

- ұсынылатын аудиторлық қызметтер, міндетті және басқа да есептілік аудиті бойынша қызметтер бойынша адам-сағат және тіркелген ставкалар;

- бірінші және кейінгі жылдардағы аудит құнын айқындау тетігі;

- қызмет құнын есептеу әдісі;

- ұсынылған төлем кестесі, сондай-ақ осы процестің икемділігі.

9. Аудиторлық қызмет шеңберіндегі басқа да қосымша қызмет көрсетулер

- Тапсырыс беруші үшін әлеуетті қызықты аудиторлық емес қызметтер, ұсынылған баға ұсынымы шегінде көрсету үшін қолда бар тәжірибе мен ресурстарды сипаттап беру.

Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтер

Осымен Аудитор төмендегілерді өз қолын қою арқылы растайды:

1) Аудитордың мүдделері мен Тапсырыс берушінің, Тапсырыс берушінің қызметкерлерінің және Аудитордың қызметкерлерінің, бір Аудитордың қызметкерлерінің және басқа Аудитордың қызметкерлерінің, Тапсырыс берушінің және Тапсырыс берушінің қызметкерлерімен қарым-қатынаста болатын адамдардың, Қазақстан Республикасының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе мемлекеттік органдарының Консультанттың мүдделері арасындағы мүдделер қақтығысына әкеп соғатын жағдайлардың болмауы туралы;

2) мүдделердің ықтимал қақтығыстарына қатысты болмауын:

- Аудитор мен Жобаның⁵ үшінші тарапы арасындағы, сондай-ақ Тапсырыс беруші мен сол Аудитор арасындағы бір Жобаның шеңберінде бір мезгілде әрекет ететін шарттық құқықтық қатынастарды;

- егер бір Аудитор мен Тапсырыс беруші арасында басқа жобалар бойынша бұрынғы немесе қазіргі шарттық қатынастар болса, Жобаның Аудиторы мен үшінші тарап арасындағы ағымдағы шарттық құқықтық қатынастарды;

- Қазақстан Республикасының және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүдделері Жобадағы үшінші тұлғаның не Аудитордың мүдделерімен сәйкес келмеген не сәйкес келмейтін жоба нысанасына байланысты Жобада Қазақстан Республикасының және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қатысуымен Жоба шеңберінде бұрын немесе сол Аудитор мен үшінші тұлға арасында шарттық қатынастар болған кезде Тапсырыс берушінің Аудиторы, Тапсырыс беруші мен Қазақстан Республикасы және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында қолданыстағы шарттық құқықтық қатынастардың болуын;

- Аудитор Тапсырыс берушінің мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, Аудитор іскерлік қарым-қатынастарды сақтауға немесе мұндай тұлғаға Аудиторға іскерлік мүмкіндіктер беруге мүдделі жобадағы үшінші тараппен қаржылық мүдделері болуын;

- менеджердің, серіктестің және Аудитордың кез келген басқа қызметкерінің Жобада үшінші тарап ретінде менеджер, серіктес, қызметкер ретінде немесе оның органдарында қатысу арқылы жұмысын;

- параллель мүдделер қақтығысын тудыратын немесе тудыруы мүмкін Аудитордың өкілдігін (Аудитордың ағымдағы клиентінің өкілдігі Тапсырыс берушінің мүдделеріне сәйкес келмейтін жағдайда параллель қайшылық туындауы мүмкін; немесе Аудитордың бір немесе бірнеше ағымдағы клиенттерінің өкілдігі Аудитордың Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін бұзу қаупі болып табылады);

- Тапсырыс берушінің Аудитордың қызметкерімен байланысты кез-келген мүдделілікті, өзіне немесе тұлғаларға Тапсырыс берушінің қызметкері жеке өзі қабылдауы тиіс немесе Тапсырыс берушінің қызметкері қабылдауға қатысуы тиіс шешімге не Тапсырыс берушінің қызметкері Жоба шеңберінде өзінің еңбек міндеттерін орындау кезінде орындауы тиіс іс-әрекетті;

- Тапсырыс беруші қызметкерінің Аудитормен еңбек және өзге де қатынастары, сондай-ақ Жоба бойынша Аудитор тарапынан мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу фактісі немесе ниеті;

- Тапсырыс берушінің қызметкерімен байланысты тұлғалардың Аудитормен қатынастары, сондай-ақ Аудитор тарапынан мүліктік пайда, игілік немесе артықшылық алу фактісі немесе ниеті;

- Аудиторға белгілі басқа жанжалды жағдайлар.

⁵«Жоба» Аудитордың қызметтерін сатып алатын немесе сатып алатын Тапсырыс берушінің қатысуына немесе ықтимал қатысуына байланысты оқиғаларды және/немесе әрекеттерді білдіреді.

Ескерту: мүдделер қақтығысына әкелетін жағдайлардың жоқтығы туралы қосымша ақпаратты ашу (қажет болған жағдайда).

3) осы нысанға қол қоюшының Аудитор атынан осы нысанға қол қоюға өкілеттігі бар екенін, сол арқылы өзіне міндеттемелерді қабылдауды және консультациялық қызметтерді сатып алу шартының (бұдан әрі - Шарт) жобасында, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, бөлігінде қамтитын шарттармен келісуді білдіретінін:

- Аудитордың мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы әдейі немесе байқаусызда жалған ақпарат бергені үшін жауапкершілігі;

- Аудитордың Тапсырыс беруші басшылығын мүдделер қақтығысына қатысты кез келген оқиғалар және (немесе) фактілер туралы дереу хабардар ету жөніндегі міндеттемелерін

- Шартта құпиялылық режимін сақтаудың неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленген жағдайларды қоспағанда, Аудитордың Жобаның нысанасына байланысты не одан туындайтын мәселелер бойынша Тапсырыс берушіге қарсы үшінші тұлғалардың мүдделерін ұсынуына кемінде 5 (бес) жыл мерзімге тыйым салу (Жобаның ерекшеліктеріне және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларға байланысты);

- Консультант қызметінің ауқымына немесе оның іскерлік беделіне қарамастан, кез келген негіздер бойынша, оның ішінде мүдделер қақтығысы болған кезде Аудиторға жауапкершіліктен жалтаруға тыйым салу;

- Аудитордың Тапсырыс берушімен, Қор тобына кіретін ұйымдармен, Қазақстан Республикасымен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен мүдделер қайшылығының жоқтығын сөзсіз растауы;

- Аудитордың Тапсырыс берушінің алдында мүдделер қақтығысының нәтижесінде келтірілген залал (нақты залал да, жоғалған пайда да) үшін толық қаржылық жауапкершілігі;

- Аудитордың Тапсырыс берушіден алынған барлық ақпараттың құпиялылығын қатаң сақтау, Шартты бұзу немесе бұзу кезінде алынған ақпаратты/ақпаратты қайтаруды және (немесе) жоюды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелері (мұндай міндеттеме жеке келісімде/құпиялылық туралы келісімде көзделуі тиіс);

- Аудитордың өкілдігі мүдделер қақтығысын тудыратын немесе тудыруы мүмкін болса, Тапсырыс берушінің мүдделерін білдіруге тыйым салу;

- Аудитордың мүдделер қақтығысы туралы ақпаратқа қатысты жалған ақпарат бергені үшін, Аудитордың кепілдіктер мен кепілдіктерді бұзғаны үшін айыппұл түріндегі жауапкершілігі (Шарттың бағасын ескере отырып) мүдделер қақтығысы;

- Саясатта және Стандартта көзделген ережелерді ескере отырып, Тапсырыс берушіге айыппұл санкцияларын қолданбай және Тапсырыс берушіні кез келген жауапкершіліктен не Шартты мерзімінен бұрын бұздан туындайтын залалдан босатып және (немесе) қорғай отырып, мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, Тапсырыс берушінің Шартты мерзімінен бұрын бұзуда құқығы;

- Аудитор осы нысанда қамтылған мүдделер қақтығысы туралы ақпаратқа қатысты жалған ақпарат берген жағдайда Тапсырыс берушінің Шартты орындаудан біржақты бас тартуға және шығындарды өтеуді талап етуге құқығы;

- Аудитор консультациялық қызметтер көрсету процесінде мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, Бірыңғай базада көзделген барлық деректерді аша отырып, Аудитор туралы мәліметтерді қамтитын «Самұрық – Қазына» АҚ тобының бірыңғай базасына (бұдан әрі — Бірыңғай база) енгізуге Аудитордың келісімі;

- Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген көздерден, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарынан және т. б. аудитор туралы ақпаратты қадағалау және жинау құқығы;

- Аудитор туралы тиісті мәліметтерді алу және (немесе) Аудитордың өз міндеттемелерін, жалпыға бірдей танылған мінез-құлық нормалары мен ережелерін бұзғаны туралы кәсіби бірлестікті хабардар ету мақсатында Аудитор мүше болып табылатын мемлекеттік органдарға, кәсіби бірлестіктерге Саясатқа және Стандартқа, іскерлік этика, Саясат пен Стандарттың ережелері мен талаптарына сәйкес Тапсырыс берушінің жазбаша өтінішіне Аудитордың келісімі. Аудитор бас тартқан жағдайда, оның бас тартуы заңды түрде дәлелденуі керек. Дәлелсіз бас тартылған жағдайда, Тапсырыс беруші мүдделер қақтығысының болуына күдік

болған кезде мұндай бас тартуды мүдделер қақтығысының болуы туралы Аудитордың растауы деп санауға құқылы;

- Аудитордың немесе оның заңды өкілінің консультациялық қызметтер көрсетуге тартылған Аудитордың және оның қызметкерлерінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және пайдалануға келісімі;

- мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда Аудиторды (осы нысанда 1-10 тармақтан тұратын жоғарыда көрсетілген негіздерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) бірыңғай базаның талаптарында көзделген барлық деректерді аша отырып, бірыңғай базаға қосуға келісім беру.

Аудитордың атынан мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерге қол қоюшының Т.А.Ә. және Аудитордың қол қоюшы өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттар.
